



**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АХМЕТА
БАЙТҰРСЫНОВА**

**«ЗАМАНАУИ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ
ТАҚЫРЫПТАРЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ**

**(АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ТУҒАНЫНА 145 ЖЫЛДЫҒЫНА)»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдарының жиынтығы**

**Сборник материалов международной студенческой научно-
практической конференции**

**«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОВРЕМЕННОЙ
СТУДЕНЧЕСКОЙ НАУКИ: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ
РЕШЕНИЯ**

(К 145-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА)»



Қостанай 2017

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ А.БАЙТУРСЫНОВА**

**«ЗАМАНАУИ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАРЫ:
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ
(АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ТУҒАНЫНА 145 ЖЫЛДЫҒЫНА)»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдарының жиынтығы**

**Сборник материалов международной студенческой научно-
практической конференции
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОВРЕМЕННОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ
НАУКИ: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ
(К 145-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА)»**

ҚОСТАНАЙ, 2017

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. АГРАРНО-БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

АЛПЫСБАЕВА М.Т. САНСАЗБАЕВА А.Д. КАКЕНОВ М.К.	ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ДІНИ ТАНЫМДЫЛЫҒЫ.	5
АРҒЫНБАЕВА А. А. ШАУКЕНОВ Ж.А.	Н.Ә.НАЗАРБАЕВ ҚАЛАҒАН ҰЛТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ.....	9
БАЙБУЛОВ Д.С. САРКИСЯН Л.В.	О ПРОБЛЕМЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ СТУДЕНТОВ ВУЗА.....	11
ДЮСЕМБИНА Д. МУСТАФИНА К.Е.	МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ СОЧИНЕНИЯМ НА ЛИТЕРАТУРНУЮ ТЕМУ.....	13
ҚОЖАН Г.Р. САДУАҚАС Н.А.	ЭРГОНИМДЕРДІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БІРҚАТАР ЖИЫНТЫҒЫ.....	15
КОЖАПОВА Д.А. ЕЛЬЧИЩЕВА О.В.	ОСОБЕННОСТИ ПСИХОСЕКСУАЛЬНОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ МОЛОДЕЖИ.....	18
КРЕТИНИНА О.С, ПАРХОМЕНКО И.А	К ВОПРОСУ ЗАВИСИМОСТИ СОВРЕМЕННЫХ ПОДРОСТКОВ ОТ ВИРТУАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ.....	21
МАЛДЫБАЕВА Г.Т. БАЯХМЕТОВА А.А.	К ВОПРОСУ О ПАРАДОКСАХ.....	24
МАНАТОВ А.А. САРКИСЯН Л.В.	ЭМПИРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ ЖИЗНЕСТОЙКОСТИ ОСУЖДЕННЫХ.....	26
МАНАТОВА Ж.Х. ШАУКЕНОВ Ж.А.	ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ДОКТРИНАСЫ ЖӘНЕ «МӨҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ...	29
ОМАРХАНОВА Р.В. МУСТАФИНА К.Е.	THE IMAGE OF WOMEN IN FOLKLORE.....	31
САДЫБЕКОВА Г. САРМАНОВА Ф.Т.	ОСОБЕННОСТИ РАЗГОВОРНОГО СТИЛЯ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ....	34
ХАЛИУЛИНА А. МОНГИЛЕВА Н.В.	СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СМЫСЛОВОГО ЯДРА «ДОБРОТА» В РУССКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ.....	36
ШАХАТДИНОВА ДОСОВА А.Т.	ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	39
ШАХОВА А.О. РЕГЕЛЬ О.В.	«СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ХАРАКТЕРНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ САМООЦЕНКИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ, ОБУЧАЮЩИХСЯ В СЕЛЬСКОЙ И ГОРОДСКОЙ ШКОЛАХ».....	41

Секция 2. ИСТОРИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

АЛИН М. ЕРАЛИНА А.Е.	АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – ЗНАТОК ПРАВА КАЗАХОВ.....	43
БАЛТАБАЕВА Ж.С. ЗАМЛЕЛОВ. А.Л.	МЕДИАЦИЯ И ЕЁ ПРЕИМУЩЕСТВА ПЕРЕД СУДЕБНЫМ РАЗБИРАТЕЛЬСТВОМ.....	45
БАТТАЛОВА Б.А. АХМЕТОВА Л.С.	АЛАШ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ.....	48

АЙСИНА А.М КАЙЫРБАЕВА Г.К.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ.....	159
АЛИБЕКОВАК. БЕРСТЕМБАЕВА Р.К.	ПРОБЛЕМЫ И ЗАДАЧИ НАЛОГОВО-БЮДЖЕТНОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.....	162
АЛТЫНБАЕВА Д. Е. КОВАЛЕНКО А. В.	АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСТАНА НА МИРОВОЙ АРЕНЕ.....	166
АСЕН М. ЕСІМХАН Г.Е.	МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ.....	170
ДАРШЕВА Д.М. ШАИМОВА А.Н.	АВТОТУРИЗМ В 21 ВЕКЕ: ПЕРСПЕКТИВЫ СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ НА ЕВРАЗИЙСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ.....	173
ТҰРҒАНБАЕВ Д. Ә. ЖЕҢІСБЕК Д. ШАРАПБАЕВА Б. Ж.	ТАРИХИ ПЕТРОГЛИФТЕР ТУРИЗМ САЛАСЫНДА.....	176
САРТАНОВА Н.Т. ЖУНУСОВА Д.Ж.	ОБЕСПЕЧЕНИЕ УСТОЙЧИВОСТИ БЮДЖЕТНОЙ СИСТЕМЫ РК В УСЛОВИЯХ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ.....	179
ИБРАГИМОВ М.С. ШАРАПАЕВА Б. Ж.	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ДАМУЫНДА КИІКТЕР ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ РӨЛІ.....	183
ҚАЗБЕК Д. Д. ЕСЕНОВА А. И. ҚОНАҚБАЕВА А. М. ШАРАПБАЕВА Б. Ж.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР.....	186
КАЙРАТУЛЫ А. ЕСЫМХАНОВА З.К.	АЛЬТЕРНАТИВНАЯ ЭНЕРГЕТИКА В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ В УСЛОВИЯХ ПРОВЕДЕНИЯ АСТАНА EXPO-2017.....	188
КАЛАБАНОВ В. КУЖУКЕЕВА К.М.	ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ БАНКОВСКИХ УСЛУГ В КАЗАХСТАНЕ	192
КАРИБАЕВА Ш. ОМАРОВА К.А.	АСТАНА - ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ДЕЛОВОГО ТУРИЗМА.....	196
КУАНЫШБАЙ Ж.С. КАЛКАБАЕВА А.Е.	АНАЛИЗ ТОВАРНОГО АССОРТИМЕНТА НА ПРИМЕРЕ МАГАЗИНА «INVOGUE».....	199
ҚҰРАҚ Д.Т. АМРЕНОВА Ф.Қ.	БИЗНЕС ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ФРАНЧАЙЗИНГ.....	202
МЕРМУХАНОВА Д.Ж. ОҢАЛБАЙ Ы.Е. РҮСТЕМ А.Б. ШАРАПБАЕВА Б.Ж.	ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ТУРИЗМ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	205
НАҒАШИБАЕВА А. Н. КУРМАНГАЛИЕВА А. К.	МЕТОДИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО БАЛАНСА ДЛЯ ОЦЕНКИ ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ.....	207
ПАВЛОВА А.А. КАЛКАБАЕВА А.Е.	КОММЕРЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТОРГОВОГО ПРЕДПРИЯТИЯ: СУЩНОСТЬ И ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ.....	211
ПАВЛОВИЧ В.А. КАРПИЦКАЯ М.Е.	СПЕЦИФИКА ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ МИРОВОГО РЫНКА УСЛУГ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.....	214
СУЛТАНОВА Д. Ж.	ОЦЕНКА РАЗВИТИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ РЫНКА ЦЕННЫХ БУМАГ В	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Айсина А.М.- А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ 3 курс студенті
Кайырбаева Г.К.- А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ аға оқытушысы*

Осы мақалада шағын және орта бизнес түсінігі, оның шараларын дамыту жолдары туралы қарастырылған. Қазіргі экономикаға шағын және орта бизнестің тиген өсері. Елбасымыздың жолдау бойынша бағыттары қарастырылған.

Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Ел басшылығы ол істі табысты жүзеге асырудың мемлекеттің одан әрі экономикалық және саяси дамуын айқындайтынын жақсы түсінеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсан айындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өтілгендей шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің жүйелі іс-қимылдары баяндала отырып, кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайтуға айрықша көңіл бөлінген.

Шағын және орта бизнес – тұрақты азаматтық қоғамның діңгегі. Барша қазақстандықтар әл – ауқатының көтерілуі оның дамуымен тығыз байланысты. Статистика агенттігінің үстіміздегі жылғы мәлімет бойынша, қазіргі таңда елімізді 627779 белсенді компания мен жеке кәсіпкерлер тіркелген. Шамамен олардың 94 пайызы шағын және орта бизнестің шаруасын шалқытып жүргендер болып есептелінеді. Соның ішінде, барлық субъектілердің 58,1 пайызын жеке кәсіпкерлер, 25,1 пайызын шаруа (фермерлік) қожалықтары, 10,4 пайызын шағын кәсіпкерліктің, ал 1,4 пайызын орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары құрайды[1].

Шағын және орта бизнесті қолдаудың басты мәселелерінің бірі – шағын және орта бизнес инфрақұрылымы. Сондықтан да, алға қойған мақсатымыздың ең басты мәселесі инфрақұрылым институттарын дамыту мен оны жоғары деңгейге жетілдіру –шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытуда аса зор маңызға ие.

Шағын және орта бизнесті экономиканың «жүрегі» деп атайды. Дамыған мемлекеттерде ішкі жалпы өнімде ШОБ үлесі 60 пайызға дейін жетеді. Қазақстанда бүгінгі таңда шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімге үлесі 18 пайыздан аспайды. Бірақ мемлекет ШОБ-ты қолдаудың, шағын және орта кәсіпкерлерге бизнестің ашықтығы және оны жүргізу үдерісін жеңілдетудің дәйекті саясатын жүргізеді.[2]

Елімізде шағын және орта бизнестің дамуы ірі қалалар мен облыстарда кең таралған. Республика бойынша шағын және орта бизнес 94,0 % алып тұр. Кесте 1-де әр облыстар мен қалаларда шағын және орта бизнес канша пайызын алып тұрғанын көрсетілді.

Кесте-1 2017 жылғы 1 ақпанға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметтерінің негізгі көрсеткіштері

Қазақстан Республикасы	94,0
Ақмола	96,5
Ақтөбе	101,6
Алматы	85,8
Атырау	97,8
Батыс Қазақстан	102,3
Жамбыл	93,5
Қарағанды	100,4
Қостанай	88,4
Қызылорда	95,0
Маңғыстау	100,4
Оңтүстік Қазақстан	94,0
Шығыс Қазақстан	84,6
Павлодар	98,9
Солтүстік Қазақстан	83,5
Астана қаласы	101,7

Мемлекет өз алдына маңызды – Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік үлесін 2050 жылға дейін ІЖӨ-ге шаққанда 50 пайызға жеткізу мақсатын қойып отыр. Қойылған міндетті басшылыққа ала отырып, елімізде шағын және орта кәсіпкерлердің ашықтығын және қызметін ынталандыру үшін көп күш салынууда: шағын және орта бизнесті қолдау саласында 20-ға жуық бағдарлама жұмыс істейді. Олардың қатарында субсидиялау мен кепілдендірудің көптеген тетіктері, сауықтыру мен қаржылық емес қолдау шаралары бар.[3]

Шағын және орта бизнестің ерекшелігі қызмет ету сферасы болып табылады. Ірі кәсіпорындар жаппай өндіріс жағдайында, тұрақты тауар номенклатурасымен және көтерме сатып алушылармен жұмыс істейді. Шағындар ұсақ партиялармен шығарады, жеке тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады, нарықтық арнайы сегментіндегі және екінші реттік шикізат өндірісінің қалдықтарын пайдаланады. Мысалы, автомобиль өндірісі – ірі кәсіпорын қызметіне жатса, автомобильді жөндеу – шағын және орта бизнес қызметі.

Нарықтық экономиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерде «кәсіпкерлік» және «бизнес» ұғымдары өзара тығыз байланысты. Кәсіпкерлік пен бизнесті экономикалық қызметтің бір түрі ретінде қарастыра отырып, отандық және шетелдік зерттеушілердің айтулары бойынша, бұл терминдер - өндіру немесе алу және тауарларды сату, басқа тауарларға айырбастау үшін қызмет көрсету немесе жай қызмет көрсету, серіктестіктер арасында екі жақты пайда табу негізіндегі ақшалар арқылы пайда табуға бағытталған, жеке тұлғалармен, кәсіпорындармен немесе ұйымдармен жүзеге асырылатын (тек заңмен тыйым салынбаған) еркін шаруашылықты білдіреді.

Бірақ «кәсіпкерлік» және «бизнес» түсініктері экономикалық тұрғыдан қарастырғанда синонимдер болып табылады. « Бизнес » түсінігі экономикалық тұрғыдан қарағанда кеңірек. Шетелдік әдебиеттерде нарықтық экономика бойынша бизнес қағамның қажеттілігін қамтамасыз ететуге қажетті өндіріс жүйесі ретінде анықталады. Бизнес нарықтық экономиканы барлық қатысушыларының арасындағы қатынастарды қамтиды және тек қана жалдамалы жұмысшылардың да, мемлекеттік құрылым қызметкерлерінің де қызметтерін қамтиды. Жалпы түрде бизнес – бұл нарықтық қатыныстар жүйесіндегі адамдардың іскерлік белсенділіктері. Ал, кәсіпкерлік қызмет бизнестің бір формасы ретінде қарастырылады және оның ер түрлі сфераларында жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлікті қолдап, шағын және орта бизнесті дамыту әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына еруге бет алған Қазақстан үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өркениетті елдердің барлығы да өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде шағын және орта кәсіпкерлік нысандарына арқа сүйейді.

Сондықтан, Президент Н.Ә.Назарбаев 2008 жылғы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында Қазақстан экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі ретінде кәсіпкерлікке кең ауқымды мемлекеттік қолдауды іске асыру, әсіресе шағын және орта кәсіпкерліктің тұғырын кеңейту мен нығайту қажеттігін атап өтті.

Себебі, қазіргі экономиканың даму сипаты мемлекеттік тұрғыдан реттелетін экономикалық жүйенің кәсіпкерлік түріне негізделген. Шағын және орта кәсіпкерлік нысандары тұрғындарды жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын, әлеуметтік деңгейін жоғарылатумен қатар, нарықтағы қажеттіліктің қанағаттануына, тауар түрлерінің көбейіп толуына, жергілікті шикізат ресурстарының дұрыс пайдаланылуына өз ықпалын тигізеді. Шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық және әлеуметтік қызметтерін маңызды мемлекеттік міндеттер қатарына жатқызуға және экономиканы дамытудың ажырамас бөлігі деп қарастыруға болады.

Мемлекет, өз кезегінде кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауы және өз көмегін шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан едәуір әлеуеті бар кәсіпорындарға және елдің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыруға бағыттауы тиіс. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын және орта бизнесті дамытудың жедел шараларын қабылдауда.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағыттарының бірі – мемлекеттің қаржы-несиелік және инвестициялық климат жасау және несиелеу жүйесін жетілдіру басты мәселелер болып саналады. Шағын кәсіпкерлікті қаржы-несиелік және инвестициялық тұрғыдан қолдау жүзеге асырылады. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, нарықта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Шағын және орта бизнесті қолдау шаралары:

1. жаңа технологияларға (технологиялар мен экономикалық) ақпараттар ұсыну, кеңес беру және оқыту) қол жетімділікті жеңілдетуге;

2. нарық капиталына (салық жеңілдіктері, амортизацияның) ерекше нормалары, мемлекеттік субсидиялар, нарықтық және жеңілдікті несиелік ставкалар арасындағы айырмашылықты қаржыландыру түріндегі жеңілдікпен несиелеу) қол жетімділікті жеңілдету;

3. бизнестің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесетін кластерлік-желілік ұстанымды енгізу арқылы шағын компаниялар мәселесі бойынша туындайтын мәселелерді шешу.

Шағын және орта бизнестің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиелеумен қамтамасыз ету болып табылса, оларды несиелейтін екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің жағдайына да тоқталған дұрыс. Бүгінгі күні отандық банктеріміздің барлық капиталының мөлшері әлемдегі ірі банктердің капиталынан жүз есе кем екендігін ескеретін болсақ, онда банктерге ең алғашқы кезекте өздерінің ресурстарын нығайту қажеттілігі туып отыр. Әрине, қазіргі уақытта қатаң нарықтық экономика аясында өзін-өзі сақтандыру, өзін-өзі көрсете білу, бәсекелестікке төтеп беру үшін банктер тарапынан біраз жұмыстар жасалуы қажет. Ал, коммерциялық банктердің шағын бизнесті несиелеу механизмі мәселелеріне әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістемелік нұсқауларды ендіру керек. Ал коммерциялық банктер экономиканың нақты секторын несиелеуі ұлттық экономиканың өсуіне қосқан үлесі болмақ. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттіктерінің шаруашылық өмірі үшін әрі тиімді де пайдалы.

Осылайша, мемлекет бүгінгі күні кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің нарық экономикасының толыққанды қатысушысы ретінде өз қызметтерін жүзеге асыруларына қажетті жағдайды қамтамасыз етіп отыр. Шағын және орта кәсіпорындармен жұмыс істетуді көздейтін жалпыұлттық институттар құрылуда. Шағын және орта бизнеске атаулы қолдау көрсетуді жүзеге асыратын арнаулы «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры» құрылып, табысты жұмыс жүргізуде. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету үшін бес мемлекеттік бағдарлама қабылданып, жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруды көздейтін айтарлықтай салықтық жеңілдіктер заңдық деңгейде қарастырылды. Оның сыртында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және салық салуды жақсарту жөнінен үлкен жұмыстар атқарып жатыр. Мәселен, осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, шағын және орта бизнесті жеделдете дамыту шаралары жөнінде бағдарламалар әзірленіп, салық заңына түзетулер енгізілуде.[4]

Қорыта айтқанда, Қазақстан экономикасын алға жылжытуда және әлеуметтік, макроэкономикалық мәселелерді оңтайлы шешуде шағын және орта бизнесті орны маңызды. Ендігі мәселе шағын және орта бизнесті ұйымдастыру және дамыту бойынша Заңнамалық базаны нығайту болып табылады. Осы орайда: «Меншікті тіркеу», «Лицензиялау туралы», «Инвесторларды қорғау», «Салық салу» өлшемдері бойынша Заңдарды оңтайлы нәтижелері көрініс болады. Шағын және орта бизнес ел тұрақты тығыны, ондағы саяси және әлеуметтік экономикалық жағдайдың орнықтылығының тірегі ретінде атап көрсетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі статистика комитеті сайтының ақпарат- http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersSMEEnterprises
2. Мейірбеков Б.Қ. Қазақстандағы шағын бизнес: проблемалар мен мәселелер. //Хабаршы Қазақ Ұлттық инженерлік академия 2014-№1, 164-169 бет.
3. Егемен Қазақстан, 2015 жылдың мұрағаты
4. Мәжілісте «Қазақстанның 2010-2014 жылға үдемелі индустриалды-инновациялық даму» Бағдарламасына арналған Үкімет сағатында ҚР қаржы Министрі **Бақыт Сұлтанов** баяндамасы.